

**6D110200 - «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Абдикадыр Максаттың «Церебральды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

**РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШІКІРІ**

р/ н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p><b>2) <u>Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</u></b></p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Балалар церебральды сал ауруымен пациенттердің денсаулығын қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру жұмысының мақсаты болып табылатын берілген ғылыми зерттеу жұмысының өзектілігі ғылымның даму бағытына және мемлекеттік бағдарламаға сәйкес. Диссертациялық жұмыс қоғамдық денсаулық сақтаудың ағыны ұзақ мерзімді, үздіксіз медициналық қолдау мен реабилитациялық көмекті қажет ететін пациенттермен байланысты міндетін шешуге бағытталған.</p> <p>Диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбы мен мазмұны "Дені сау ұлт" әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау" ұлттық жобасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 725 қаулысымен бекітілген жаңа мемлекеттік бағдарламасында 2022 жылға өңірлерде балаларды оңалту және ерте араласу орталықтарын ашу іс-шарасымен, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық оңалтумен қамтуды ұлғайту міндетімен ұштасады.</p> <p>6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған докторант Абдикадыр Максаттың балалар церебральды сал ауруымен ауыратын науқастарға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіруді негіздеудегі ғылыми-зерттеу жұмысы бүгінгі таңдағы тақырыптың барлық маңызды аспектілерін: пациенттердің клинико-диагностикалық сипатын, медико-әлеуметтік статусы мен өмір сүру сапасын зерттеу арқылы оларға көрсетілетін реабилитациялық көмекті ұйымдастыруды бағалауды, осы көмек түрін жетілдірудің басым бағыттарын қарастырылған. Зерттеу жұмысының өзектілігі қазіргі денсаулық сақтау саласындағы маңызды мәселе балалар церебральды сал ауруымен ауыратын науқастарға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру бойынша кешенді ұсыныстары</p>

			<p>ҚР мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ҚР Үкіметінің бекіткен ұлттық жоспармен (2019ж.), сондай-ақ ҚР мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған жол картасымен (2020ж.) өзара толық сәйкес келеді. Қорғау тақырыбының қоғамдық денсаулық сақтаудағы ғылыми-теориялық және әлеуметтік-тәжірибелік маңызға ие.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <b>қосады</b> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <b>ашылған</b> /ашылмаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста балалар церебральды сал ауруымен ауыратындардың клинико-диагностикалық сипатын, медико-әлеуметтік статусы мен өмір сүру сапасын зерттеу арқылы оларға көрсетілетін реабилитациялық көмекті ұйымдастырудың кешенді үлгісі ұсынылып, осы көмек түрін жетілдірудің басым бағыттары ғылыми негізделді. Диссертациялық жұмыстың нәтижесінде балалар церебральды сал ауруы бойынша реабилитациялық көмек көрсету көлемін арттырып, қолжетерлік етуге ұмтылыс жасалды. Сонымен қатар республикалық деңгейде мамандандырылған реабилитациялық көмек көрсету мекемелерінің статистикалық сипаты жасалып, пациенттер мен денсаулығы шектеулі балаларды тәрбиелеуші отбасыларының медициналық және әлеуметтік қажеттіліктері жете зерттеліп, осы көмек түрін тұтынушыға максималді жақындату алғышарттарын анықтау көзделді. Балалар церебральды сал ауруымен пациенттерге қалпына келтіру көмегін ұйымдастыру және іске асыру алгоритмін құрастырып өндіріске енгізуі қоғамдық денсаулық сақтау жүйесін дамытудың өзекті басым бағыттарына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертация мазмұнындағы ғылыми деректер мен статистикалық мәліметтердің өңделуі, балалардың денсаулық жағдайын талдауы, өмір сапасын бағалауы мен қалпына келтіру көмегін жетілдірудің жолдарын өңдеудің ғылыми мағыздылығы жоғары, қоғамдық денсаулық сақтаудың дамуына елеулі деңгейде үлес қосатын, ғылыми теориялық және әлеуметтік-практикалық мазмұны толық ашылған жұмыс ретінде жіктейміз.</p> <p>Диссертациялық жұмыстағы церебральды сал ауруымен балаларға қалпына келтіру көмегін жетілдіру моделі науқас балалар мен олардың отбасыларының медико-әлеуметтік жағынан қамтамасыз етудің бір шешімі болып табылады. Ізденуші докторанттың церебральды сал ауруымен балаларға қалпына келтіру көмегін жетілдіру үлгісі әлеуметтік</p>

			көмек көрсетуші алгоритмдердің сапасын арттыруға, көмекті науқастарға жақындатып, қол жетерлік етуге, теориялық өңделіп, практикалық жетілдіруге үлесі қосады. Диссертанттың Алматы қаласы «MaksatMed» медициналық орталығында «Церебральды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін жетілдіру үлгісін» іске асыруы және медициналық мекемелер мен реабилитациялық орталықтардағы енгізу актілері зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңызын негіздейді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <b>1) жоғары</b> 2) орташа 3) төмен 4) өзі жазбаған	Докторант Максат Абдикадырдың «Церебральды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының зерттеу нысанын, бақылау бірліктерін адаптивті зерттеу методологиясымен негіздеуі, ізденушінің теориялық-кәсіби дайындығы, күткен зерттеу нәтижелерінің практикалық құндылығы, тақырыпты шолуы, нәтижелердің статистикалық өңделуі мен талдаулары диссертацияның ғылыми жазу деңгейін жоғарылатты. Автордың диссертациялық жұмысты жазудағы ғылыми зерттеуші ретіндегі біліктілігі мен білім деңгейі жеткілікті, өзіндік логикалық-жүйелі жазу стилі бар, өз ойын нақты негізделген тұжырымдармен жеткізе білетін, дәлелді статистикалық талдаулармен жұмысын дерлік құрылымдаған, ішкі мазмұнын түсінікті етіп ғылыми мәліметтерді талдау дәрежесіне қарап, диссертациялық жұмыстың автормен жазу деңгейін «жоғары» деп санаймыз.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: <b>1) негізделген</b> 2) жартылай негізделген 3) негізделмеген.	Заманауи жағдайда балалардың туа біткен физикалық ауытқуымен, ақыл-ойының ақауымен, ауыр мүгедектікпен туылу жиілігінің өсуі байқалады. ДДҰ сарапшыларының мәліметтеріне сәйкес, орташа есеппен, бүкіл әлем халқының 10%-ын мүгедектер құрайды, олардың 150 млн - балалар. Балалардың мүгедектігінің құрылымында жетекші орынды (30% дан 70% дейін) балалардың церебральды сал ауруы – ерте мүгедектікке әкелетін ауру алады. Сондықтан бұл аурушылдық нозологиясына қатысты қоғамдық денсаулық сақтау саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізілуі қажеттілік болып саналады. Осы аурушылдық түрінің бастапқы сатысындағы науқастар үшін жеткілікті деңгейде әсерлі әдістері жоқ, жалпы алғанда, балалардың церебральды сал ауруының ерекше терапиясы жоқ. Осы тұрғыдан қарағанда, докторант Максат Абдикадырдың церебральды сал ауруымен

			<p>ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру мәселесіне өз үлесін қосатын докторлық диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі айқын, жұмыста талданған церебральды сал ауруымен ауыратын балалардың клинико-диагностикалық сипаты, медико-әлеуметтік статусы мен өмір сүру сапасын зерттеу арқылы оларға көрсетілетін реабилитациялық көмекті ұйымдастырудың кешенді үлгісі құрылғанға дейінгі түрлі зерттеу аспектілерінің ғылыми тұрғыдан талдануы берілген жұмыстың негізделген екендігін көрсетеді.</p> <p>Докторант зерттеу орны ретінде Алматы қаласы «MaksatMed» медициналық орталығын, зерттеу нысаны ретінде осы орталыққа реабилитациялық көмекке жүгінген церебральды сал ауруымен ауыратын балаларды қарастырған. Медициналық анамнестикалық мәліметтер, статистикалық деректер мен науқастар реабилитациялық карталарын кеңінен талдай келе зерттеу нысаны мен бақылау бірліктерін зерттеу мәліметтерінің ғылыми дәлелді тұрғыдан негіздеген. Зерттеу мазмұнына сәйкес церебральды сал ауруымен ауыратын балаларға оңалту көмегін жетілдірудің маңызын анықтауда респонденттердің клинико-диагностикалық сипаты, медико-әлеуметтік статусы мен өмір сүру сапасын, қоғамға интеграция мәселелері, отбасы жағдайы мен мұқтаждары арнайы сауалнамалар көмегімен анықталып, науқастарға қажет көмек көлемін тиімді көрсету жолдары жете зерттелген.</p> <p>Церебральды сал ауруымен ұзақ мерзімді, үздіксіз медициналық қолдау мен реабилитациялық көмекті қажет ететін пациенттермен байланысты қоғам денсаулығының маңызды міндетін шешумен байланысты зерттеу жұмысы осы тақырыптағы зерттеулердің сапасын арттыруға ықпал етеді. Диссертанттың түзету-дамыту мақсатындағы қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдірудегі мамандардың интегративті әрекет етуін қолдайтын мультидисциплинарлы топтың ерте диагностикалау, реабилитациялық көмекті кешенді үйлестіру, потенциалды даму аймақтарын ескере отырып ерте жасынан жүйелі түрде дифференциалды принциппен ұйымдастырылатын өзара ынтымақтасқан жұмысының нәтижесінде науқастарға медико-әлеуметтік көмекті жақсарту мүмкіндігі ғылыми тұрғыдан негізделіп көрсетілді.</p> <p>Жоғарыда айтылғандарға орай, 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденіп</p>
--	--	--	---

			<p>ұсынылған Максат Абдикадырдың докторлық диссертациялық жұмысы қоғамдық денсаулық сақтаудағы маңызды мәселелерінің бірін шешуге бағытталған.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды  <b>1) айқындайды</b>  2) жартылай айқындайды  3) айқындамайды</p>	<p>Мазмұны бес негізгі бөлімдерді біріктіретін докторант Максат Абдикадырдың «Церебральды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының әрбір бөлімі, оларды құрайтын тақырыпшаларымен логикалық мазмұнда байланысып, жалпы тұрғыда, диссертация тақырыбын айқындайды. Ғылыми-зерттеу жұмысының мазмұнына сай айқындалған ғылыми тұжырымдары, қорытындылары мен қосымшалары, әрбір бөлімнің аты және ондағы тақырыпшалардың түсінігі диссертация тақырыбынан өрбуі диссертациялық жұмыстың мазмұнын айқындай түседі.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:  <b>1) сәйкес келеді</b>  2) жартылай сәйкес келеді  3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың церебральды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін кешенді ұйымдастыру мақсатын орындау міндеттерінің қатарында: балалар церебральды БЦС этиологиялық факторлары, таралу эпидемиологиясы мен реабилитациялық көмектің ұйымдастырылу мүмкіндіктеріне шолу жасау; БЦС ауруымен науқастардың медико-әлеуметтік статусын: демографиялық сипатын, патогенездегі этиологиялық факторларды, клинико-диагностикалық сипатын анықтау; БЦС аурушылдығы кезінде кешенді реабилитациялық көмекті ұйымдастыру тиімділігін талдау; церебральды сал ауруымен балаларды тәрбиелейтін отбасылардың әлеуметтік-гигиеналық сипатын зерттеу, мүгедек және сау балалардың өмір сүру сапасының деңгейін бағалау; БЦС науқастарына кешенді реабилитациялық көмекті жетілдірудің ғылыми негізделген жолдарын ұсыну анықталып диссертация тақырыбымен өзара сәйкес келетінін көрсетіп отыр. Ізденуші зерттеу жұмысының мақсаты, міндеттерін тақырыпқа сәйкес құрып, соған байланысты анықталған диссертация мазмұны, олардың өзара сәйкестігі диссертанттың тақырыпты толық теориялық негіздеп, практикалық меңгергенін дәлелдейді.</p> <p>Ғылыми жұмыстың мақсаты, міндеттері толығымен орындалған, сәйкес алынған шешімдер мен жасалған қорытындылар күтілген нәтижелерге қол жеткізгендігін сипаттайды. Жұмыстың мазмұны теориялық өңделіп, практикалық негізделгенін, дәлелді базасы мен</p>

			<p>статистикалық дұрыстығы айқын, қорытындылары дәйекті әрі қолданбалы екенін көрсетеді. Олай болса, докторант Максат Абдикадырдың диссертациялық жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбымен сәйкес, ішкі мазмұны бірізділікпен құрылған бірізділік сақталған, ғылыми тұжырымдары мен нәтижелері дәлелді негізделген, докторлық зерттеу жұмыстарына қойылатын талаптарды ұстана орындалған зерттеу жұмысы болып табылады.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:  <b>1) толық байланысқан</b>  2) жартылай байланысқан  3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыс негізгі бес бөлімдерден, олар, өз кезегінде, бөлімдердің мазмұнын ашатын тақырыпшаларға бөлініп, логикалық құрылымдалуы өзара логикалық жағынан біртұтастыққа негізделі отырып байланысқан. Диссертация қатаң бірізділік пен түсінікті мазмұн сақтай отырып баяндалған, яғни, жұмыс жоғары теориялық-методологиялық деңгейде орындалған. Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен зерттеу құрылымымен танысу өте жағымды әсер қалдырады.</p> <p>Әрбір бөлім ішкі құрылысында бір-бірімен логикалық үйлесімді түрде байланыса отырып, зерттеу жұмысының сол бөлімі үшін көзделген міндеттердің бірізді орындалуын бағдарлайды. Әрбір бөлім, ондағы тақырыпшалар тиянақты ой қорытылған ғылыми нәтижелермен негізделген және мазмұны бойынша алдыңғы және кейінгі тұжырымдамалармен ұштасып ғылыми-зерттеу жұмысының маңызын арттыра түсетін мәліметтерден тұрады. Яғни, диссертанттың ойы жинақы, әрі ғылыми құрылымдалған логикалық бірізділікті сақтай отырып жұмыс тақырыбын толығымен меңгергенін және жеткілікті біліктілік деңгейінде орындағанын көрсетеді. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқанын оның әрқайсында келтірілген ізденушінің талдау-тұжырымдауларындағы мағыналық-мазмұнды біртұтастыққа қол жеткізгенінен көруге болады.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:  <b>1) сыни талдау бар</b>  2) талдау жартылай жүргізілген  3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің шешімдері, қағидаттары, қолданылған әдістер толықтай ғылыми негізделіп, бұрыннан белгілі және кейінгі жүргізілген зерттеулермен өзара салыстырылып, сыни талдаулар жасалған. Қорғауға арналған негізгі ережелер ретінде ұсынылған.</p> <p>Балалар церебральды сал ауруында қалпына келтіру көмек кешенін ұйымдастыруды жетілдіруге негізделген зерттеу тұжырымдарының өзегі авторлық сыни талдаудан тұрады. Ізденушінің зерттеу мәліметтеріне сүйенген жаңашыл шешімдері статистикалық талдаулармен негізделіп,</p>

			<p>ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Зерттеудің негізгі қағидалары ғылыми-теориялық деректер, ресми статистикалық мәліметтер, өзіндік зерттеу деректері және басқа ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен салыстырмалы сыни талдауларға негізделіп қорытылған. Балалар церебральды сал ауруының этиопатогенезін, клинико-диагностикалық сипатын, аурудың туындауының пре- және перинатальді кезеңдегі қауіп факторларға тәуелділігін, науқастың медико-әлеуметтік статусын, клинико-диагностикалық ерекшеліктерін, көмектің ұйымдастырылуымен қанағаттану деңгейін зерттей отырып, интегративті көмек көрсетуді қамтамасыз ететін түзету-қалпына келтіру көмегін жетілдіруді ұйымдастыру үлгісін құрғанға дейін сыни талдаулар негізіндегі дәйекті мәліметтерге сүйеніп, өз пікірін қалыптастырып, зерттеу жұмысының мақсатын жетістікпен орындаған. Диссертациялық жұмысын жасауда диссертант ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындаудың ғылыми-этикалық нормалары мен адалдық кодекстерін басшылыққа ала отырып, тақырыпқа сәйкес сыни талдаулар жүргізе отырып, бұрыннан белгілі шешімдермен өзара салыстырып, артықшылықтары мен жаңашылдығын дәлелдей білген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?  <b>1) толығымен жаңа</b>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысындағы ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа деп бағаланады. Диссертациялық жұмыстағы церебральды сал ауруымен науқас балалардың медико-әлеуметтік статусын, клинико-диагностикалық сипатын, этиопатогенездік факторларға тәуелділігін анықтау, балалар церебральды сал ауруымен пациенттердің кешенді түрде медико-әлеуметтік жағдайы мен реабилитациялық көмектің тиімділігі және қажеттілігін зерттеу, сонымен қатар респонденттердің өмір сапасын салыстырмалы түрде бағалау, зерттеу базасында пациенттерге қалпына келтіру көмек кешенінің компоненттік құрамы сипатталып, тиімділігін анықтау арнайы статистикалық бағалау көрсеткіштерімен негізделген.</p> <p>Зерттеу базасы ретінде таңдалған медициналық орталық жағдайында қалпына келтіру көмегін ұйымдастыру тиімділігін арттыратын кешенді көмек көрсету үлгісінің құрастырылып ұсынылуы отандық қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы жаңашыл ғылыми-зерттеу жұмыс болып табылады.</p>

		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p><b>1) толығымен жаңа</b></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың бөлімдері мен тақырыпшаларын тұжырымдаудың соңындағы логикалық жүйелі қорытындылары толығымен жаңа. Зерттеу жұмысы, жалпы қоғамдық денсаулық сақтаудағы, балалар церебральды сал ауруымен пациенттерге көмекті ұйымдастыру мәселесін шешу міндеттерімен ұштасып, зерттеу мәселесінің жаңа қырларын аша отырып сипаттап, балалар церебральды сал ауруымен пациенттерге қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіруде толығымен жаңа қорытынды пікірлер жасағанын көрсетеді.</p> <p>Диссертанттың пациенттерді тәрбиелеуші отбасыларға жүргізген сауалнамалары, өмір сапасын зерттеу әдістері, теориялық-методологиялық және практикалық зерттеу мәліметтері мені статистикалық өңдеулері негізінде жасалған тұжырымдары мен қорытындылары зерттеу жұмысында қамтылған барлық ғылыми нәтижелері мен қағидаттарын жаңаша қалыптастырған. Сонымен, докторант М.Абдикадырдың зерттеу нәтижелерін, қорытындылар мен шешімдерін ғылыми негіздей отырып, балалар церебральды сал ауруымен пациенттерге қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру үлгісімен тәжірибелік ұсыныстары, тиімділігі бойынша қорытындылары диссертацияның мазмұнымен ашып, толығымен жаңа жұмыс деп қабылдауға мүмкіндік береді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа</p> <p><b>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</b></p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ізденушінің балалар церебральды сал ауруымен науқастарға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру бойынша жасалған диссертациялық жұмысының мазмұны қазіргі заманғы техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдері тұрғысынан теориялық және практикалық негізделген әрі толығымен жаңа саналады. Диссертациялық зерттеу нәтижелерінде ұсынылған церебральды сал ауруымен пациенттерге реабилитациялық көмек көрсетудің ұсынылған үлгісі зерттеу базасы болып таңдалған медициналық орталықта түзету-дамыту көмегін көрсетуде орталық орынды функционалды жүйелердің түрлі полиморфты бұзылыстарын компенсациялауға және әлеуметтік адаптациясына қолайлы әсер ететін жүйе ретінде қарастырылуы технологиялық, экономикалық жағын негіздейтін толық аяқталған жұмыс деп жіктеуге мүмкіндік береді.</p> <p>Зерттеу жұмысының ғылыми тұжырымдамалары, қағидаттары мен қорытындылары, мәліметтердің статистикалық дұрыстығы мен нақтылығы жұмыстың техникалық, технологиялық, экономикалық</p>



			тұстары мен жұмыста келтірілген басқару шешімдерінің толығымен жаңа екенін негіздейді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	<p>Диссертациялық жұмыс мазмұнында келтірілген ғылыми тұжырымдамалар мен талдаулар сілтемелер арқылы нақтылануымен, статистикалық көрсеткіштермен және ғылыми-практикалық зерттеулермен дәлелді негізделген. Церебральды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін жетілдіру мәселелері, көмектің ұйымдастырылуын бағалау, статистикалық негіздеу кешенді көмекті ұйымдастыруды жетілдіруі моделі, барлық бөлімдер бойынша қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Зерттеу мәліметтері бойынша ғылыми тұжырымдары, орындалған міндеттерге сай шыққан нәтижелері, ғылыми жаңалықтары мен қорытындылары ғылыми тұрғыдан нақты статистикалық көрсеткіштер мен практикалық дәлелденген ғылыми деректермен негізделген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың ішкі бірлігі сақталған, барлық негізгі бөлімдері құрылымдалған және логикалық өзара байланысқан, ғылыми әдебиеттерді пайдалануы мен жұмыс көлемі техникалық талаптарға сәйкес, (PhD) докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарды толық сақтап орындалған жұмыс болып табылады. Зерттеуде қорытылған ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары, тақырыпқа сәйкес жасалған ғылыми мәліметтерді пайдалануы, медико-әлеуметтік зерттеулер теорияларына сүйеніп, балалар церебральды сал ауруымен науқастарға қалпына келтіру көмегін жетілдірудегі негізделген практикалық ұсыныстар жасауда жан-жақты ғылыми тұрғыдан зерттеліп масштабты дәлелдемелерде көрініс тапқан.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <b>дәлелденді</b></p> <p>2) шамамен дәлелденді</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия</p>	<p>«Церебральды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру» тақырыбындағы Максат Абдикадырдың диссертациялық жұмысында берілген қағидаттар ғылыми тұрғыдан дәлелді, практикалық тұрғыдан қолдану деңгейі кең, ғылыми жұмыс тақырыбы бойынша жарияланған мақалаларында зерттеудің жоспарланып, ұйымдастырылып, орындалу және қорытындылау мәселелері толық қамтылып, ғылыми көпшілікке танылуы жұмыстың тиянақты орындалғанынан хабар береді.</p> <p>Қорғауға арналған негізгі қағидалардағы үшінші тармақ бойынша</p>

		<p>2) <b>жоқ</b></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <b>ия</b></p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар</p> <p>2) орташа</p> <p>3) <b>кең</b></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <b>ия</b></p> <p>2) жоқ</p>	<p>«Медициналық-әлеуметтік жағдайын, клиникалық диагностикалық ерекшеліктерін, церебральды сал ауруына шалдыққан балаларға күтім жасауды ұйымдастыруға қанағаттанушылық деңгейін зерделеу түзеу жұмыстарын ұйымдастыруды жетілдіру үлгісін құруға негіз болды және медициналық мекемеге көмек көрсету жүйесінде интегративті көмек көрсететін оңалту жұмысы» бөлімде жалпы сипатталған, бірақ жұмыс өздігінен әзірленген принцип пен үздіксіз емдеу әдістерінің тиімділігін дәлелдесе де, автор қолданған оңалтуды жалғастыру мәтінде жалпы сипатталған. Өйткені модельдің өзі автормен дербес алынған және тексерілген, мен бұл тармақтың диссертацияның қорытындысында тереңірек ашылғанын қалаймын.</p>
8.	<p>Дәйектілік принципі</p> <p>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <b>ия</b></p> <p>2) жоқ</p>	<p>Докторант диссертациялық жұмыстың ғылыми-әдістемелік зерттеу базасын жетілдіру үшін отандық және халықаралық деңгейдегі ғалымдар еңбектерін негізге ала отырып, пайдаланған теориялық-методологиялық пікірлер мен мәліметтерге шынайы сілтеме жасаған. Диссертация беттерінде келтірілген сілтемелер церебральды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында ғылыми талдауларды зерттей келе жасаған ғылыми жұмыстың әдіснамасы нақты жазылып, таңдауы арнайы дереккөздермен негізделген. Дәйектілік принципіне сүйенетін диссертациялық жұмыс мазмұнының талдаулары, қорытындыланған пікірлері мен тұжырымдамалары нақты статистикалық дәлелдеулер арқылы зерттеу мазмұнында нақты әдіснама негізінде орындалғанын көрсетеді.</p> <p>Медициналық жазбаларды көшіру, Манн-Уитни, Уилкоксонның анамнестикалық және статистикалық әдістері, халықаралық шкалалар, өмір сапасын зерттеумен социологиялық сауалнама (PedsQLTM4 Pediatric Quality of Life Inventory) жүргізілді. Арнайы бағалау шкалалары қолданылды: Эшворт шкаласы, Жалпы моторлық функцияның классификация жүйесі (GMFCS). Ғылыми ақпарат көздеріне шолу жасау, динамикалық бақылау мен қима зерттеулерде зерттеу әдістерінің кешенін пайдалану, дәйекті дереккөздер мен ақпаратты жүйелі түрде пайдалану зерттеу жұмысының сенімді және жоғары сапалы екенін көрсетеді.</p> <p>Дегенмен, нақтылауды қажет ететін сұрақтар бар:</p> <p>1. Науқастың әлеуметтік жағдайы, әдістері, көрсеткіштері және шкалалары қалай анықталды?</p>

			<p>2. Мүмкіндігі шектеулі балалар мен дені сау балалардың өмір сүру сапасын салыстырмалы бағалау (сонымен қатар әдіснама, бірақ жалпы дені сау балалар мен церебральды сал ауруымен ауыратын науқастарды салыстыру дұрыс па, егер солай болса, қандай критерийлер таңдалады?)</p> <p>3. Оңалту көмегін ұйымдастыруға қанағаттану деңгейі (қай ұйымдарды салыстыру, көмектің өзінің қандай сипаттамалары, қанағаттану критерийлері мен сауалнамалар қолданылды?)</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <b><u>ия</u></b> 2) жок</p>		<p>Диссертант ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін қорытып өңдеуде қазіргі компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін зерттеу тақырыбына сай қолдана білген. Статистикалық талдаудың заманауи жаңа әдістері мен деректерді өңдеу көмегімен зерттеу жұмысында алынған мәліметтер ізденушінің оларды диссертацияның мақсаты мен міндеттеріне сай ұтымды пайдаланғанын білдіреді. Диссертация мазмұнындағы қорытындылар мен тұжырымдамаларды зерттеуде қолданылған әдістер мен статистикалық деректерді өңдеудің ауқымды жұмыстарының нәтижесінде интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Деректерді талдау және сипаттау аналитикалық статистиканың стандартты әдістерін қолдану арқылы, Windows жүйесіне арналған SPSS 20.0 статистикалық пакетін (Өлеуметтік ғылымдар үшін статистикалық пакет) қолдану арқылы жүзеге асырылды. Корреляциялық тәуелділік Спирмен корреляция теңдеуі (сапалық белгілер) және Пирсон теңдеулері (сандық белгілер) арқылы олардың статистикалық маңыздылығын бағалау арқылы анықталды.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <b><u>ия</u></b> 2) жок</p>		<p>«Церебральды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру» тақырыбындағы М.Абдикадырдың диссертациялық жұмысының маңызын сипаттайтын негізгі қағидаттары және қорытындылары, жұмыс нәтижесінде ұсынылған кешенді көмек көрсету үлгісі, зерттеу құбылыстарының өзара байланыстары мен заңдылықтары ғылыми негізделіп, теориялық дәлелденген, сонымен қатар тәжірибиелік ұсыныстары практикалық қолданбалы маңызға ие. Зерттеу жұмысындағы ғылыми нәтижелер статистикалық талдаулармен негізделіп, логикалық өзара байланысқан екендігін дәлелдейді.</p>

		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Докторант Максат Абдикадырдың «Церебральды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы тақырыпқа сәйкес отандық және шетелдік сенімділігі айқын 172 ғылыми әдебиеттерден маңызды деректер пайдаланғаны сілтемелерге көрсетулер жасаумен ғылыми түрде расталған. Изденуші церебральды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру мәселесінде әлемдік және отандық ғалымдардың еңбектерін саралай келе, қажетті ақпараттар мен дәйекті мәліметтерді ұтымды пайдалану арқылы диссертациялық жұмыстың теориялық-әдістемелік жағын нақты және сенімді сілтемелермен растағанын атап айтқан жөн.</p> <p>Зерттеу жұмысында тақырыбы мен өзектілігіне қатысты таңдалған зерттеу нысанына алынған мәселелерден ауытқушылық жоқ. Докторант зерттеу нысанына қатысты мәліметтерді логикалық тұрғыдан жүйелілікпен іріктеп, медико-әлеуметтік зерттеу әдістерінің кең спектрін адаптивті қолданып алынған нәтижелері, ғылыми қорытындылары мен ой тұжырымдары, ғылыми деректері мен мәлімдемелері ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасай отырып дәйектелген.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b>/жеткіліксіз</p>	<p>Докторант ғылыми жұмыста отандық және шетелдік ғылыми-ақпарат көздеріне жүгініп, зерттеу тақырыбына сай церебральды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыру бойынша жүргізген сараптамалары мен ғылыми талдауларында адалдық кодексіне сәйкес сілтемелер келтіру арқылы оларды көлемі жағынан жеткілікті пайдаланған. Изденушінің жұмысында жалпы саны 172 ғылыми-әдеби жұмысқа сілтеме жасалып, мазмұнына сәйкес ғылыми әдебиеттерді пайдаланылғандығы және ғылыми өндірісте кейінгі қолданыстағы әдебиеттерді де қамтығандығы зерттеу жұмысы маңызды да жеткілікті болып табылады.</p>
<p>9</p>	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:  <b>1) ия, ішінара</b>  2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның нәтижелері церебральды сал ауруына шалдыққан балаларға оңалту көмегін ұйымдастыруды жетілдіруге ғылыми-теориялық үлес қосады. Зерттеу нәтижелері медициналық жоғары оқу орындарында және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында тақырыптық оқытуға, сондай-ақ медициналық және нейрореабилитациялық балалар мекемелерінде жүйке жүйесінің патологиясымен айналысатын мамандар мен педиатрлардың біліктілігін арттыруға арналған жұмыс</p>

			бағдарламаларын әзірлеуге негіз бола алады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <b>1) ия</b> 2) жоқ	Докторанттың зерттеу нәтижелері мен қорытындылары медициналық мекемелерде, осы профильдегі науқастарға көмек көрсететін денсаулық сақтау мекемелерінде, реабилитациялық (нейрореабилитациялық) орталықтарында, жоғарғы медициналық оқу орындарында, медициналық білімді жетілдіру институттарында қоғамдық денсаулық сақтаудың берілген аспектісі бойынша қосымша оқу материалдары және практикалық әдіс ретінде қолдануға болады. Тақырыпқа сәйкес ұсынылған тәжірибиелік ұсыныстар қоғамдық денсаулық сақтаудың сапасын арттырудың қосымша критерийлері ретінде қарастыруға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? <b>1) толығымен жаңа</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми жұмыстың жоспарлануы мен орындалу барысында ұсынылған «БЦС ауруымен балаларды тәрбиелеуші отбасыларына арналған медико-әлеуметтік сауалнамасы», «БЦС науқастарына қатысты қалпына келтіру көмегінің ұйымдастырылуын бағалау» сауалнамалары, мен Алматы қаласының «МаксатМед» медициналық орталығында церебральды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдірудегі енгізген кешенді көмек көрсету үлгісі толықтай жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <b>1) жоғары</b> 2) орташа 3) орташадан төмен 4) төмен.	Максат Абдикадырдың «Церебральды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзектілігі бойынша маңызды ғылыми нәтижелері бар толығымен аяқталған зерттеу жұмысы болып табылады. Диссертациялық жұмысының негізделу дәрежесі, зерттеу көлемі, жазу стилі мен ресімдеу сапасы академиялық талаптарға сәйкес жоғары деп саналады. Автордың ғылыми жұмысы логикалық жүйелілікті сақтай отырып, еркін ғылыми стилде баяндалған, (PhD) философия докторы дәрежесіне сәйкес сауатты жазылған деп бағаланады. Қорытындылай келе, докторант Максат Абдикадырдың «Церебральды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толық аяқталған, автормен дербес орындалған, ғылыми маңыздылығы жоғары жұмыс болып табылады.

			Диссертациялық жұмыстың маңызды ғылыми нәтижелері ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сәйкес орындалғандықтан, «6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.
--	--	--	--

**Ресми рецензент:**

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің неврология кафедрасының профессоры, м.ғ.д.

Идрисова Жаннат Рустемовна

